

## Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-9 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 шілдеде № 5567 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 21-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 21-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

“Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қызметін Жалағаш ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. “Жалағаш ауданы бойынша айына салық салу объектісінің бірлігіне салынатын бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 07 сәуірдегі № 29-3 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10-6-150 нөмірімен тіркелген, “Жалағаш жаршысы” газетінде 2010 жылғы 12 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық  
мәслихатының 4 – сессиясының  
төрағасы  
К. СҮЛЕЙМЕНОВ

КЕЛІСІЛДІ:

“Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік  
кірістер департаментінің Жалағаш ауданы  
бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы”  
республикалық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

А. Айдыханов

“29” маусым 2016 жыл.

Жалағаш аудандық  
мәслихатының  
хатшысы  
М. ЕСПАНОВ

## Қызметін Жалағаш ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлшеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелері

р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3